# Тақырыбы: Қарым – қатынас этикасы

# СЕРГІТУ СӘТІ

**Қарым-қатынас** – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс;екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсіністігі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Қарым-қатынастың интерактивті, коммуникативті, перцептивті деген үш жағы және мезо, макро, микро, рухани, іскер, т.б. деңгейлері болады.



Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік,ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды.

Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең
дәрежеде, дөрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін
меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

# Іскерлік қарым-қатынас қандайда бір принциптерге негізделген, олардың ішіндегі негізгілері мыналар:

- іскерлік байланыс негізінде іске деген ниет білдіру, бірақ ол жеке және өзінің амбициясына байланысты болмауы керек;

- адалдық, ол өтірікке баралмайтын, әдепті сондай-ақ адамгершілік сапасын тудырады;

- ақ-ниет, ол адамдарға жақсылық жасау қажеттілігі (жақсылық-этиканың басты категориясы).

- қадірлеу (сыйлау), сөйлеушінің беделін қадірлеу. Ол адамның ізеттілігі, тактикалық ескертпелері, мейірімділігі бұның бәрі сыйластыққа немесе қадірлеуге жатады.



**Этика** ([грек.](#) ethos – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі.

**Этика – бұл тәртіптің негізгі нұсқауы және қоғамдағы тәртіп. Этика нұсқаулар ең біріншіден мәдениеттілікті көрсетеді.**

Күнделікті қызметтік араласу

азаматтардың тұрған орындарына бару;

әңгімелесу, кездесу, келіссөздер;

жиналыс, конференция, отырыстар;

келушілерді қабылдау;

кезекшілік, күзет.

Спецификалық қызмет араласуы

жұмыс кезінде коллективімен араласу: а) субординациялық араласу түрі; б) жұмыскерлер арасында араласу;

үйрену кезіндегі сабақ берушінің тыңдаушылармен жұмыс жүргізу.

шет азаматтармен іскерлік қатынас.

## ҚАУІПТІ ҚЫЗМЕТ ТҮРІ АРАЛАСУ

өзара келіспеушілік қарым-қатынасы;

митинг, демонстрация, қатысушылармен араласу;

спецконтингентермен араласу.

## ВЕРБАЛЬДЫ ЕМЕ АРАЛАСУ

публикалық қатынас және интервью;

баспада, теледидарда, радио арқылы сөйлесу;

телефон, телесайт, радиохабар;
іскерлік жазу.

7oom.ru



Іскерлік қарым-қатынас қағидасына сәйкес тәжірибеде құжаттар мен жұмыс істеуде бүкіл әлемде бірдей және құқық қорғау органдарының қызметкерлері тек бір-бірімен ғана емес, сонымен қатар басқа мемлекеттің қызметкерлері мен, халықаралық қылмыспен күрес қызметкерлерімен байланыста болады.

# Іскерлік қарым-қатынастардың этикалық нормалары

2.1 Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер
2.2 Акционерлер
2.3 Мемлекеттік органдар
2.4 Іскер серіктестер
2.5 Жұртшылық
2.6 Қоршаған орта
2.7 Заңдарды орындау жауапкершілігі
2.8 Іскерлік этика қағидаларын қолдану жауапкершілігі

# Әдептілік заңгердің кәсіптік қызметінде.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің этикеті және имиджі. Сәлемдесу және танысу этикеті. Адамдардың сыртқы келбеті. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыртқы келбет ерекшеліктері.

Өзін - өзі таныстыру. Заңгердің қоғамдық орындарындағы өзін - өзі ұстауы.

Іскерлік қабылдаудың этикеті. Шетел азаматтарымен іскерлік қарым – қатынас жасау ерекшеліктері. Комплимент айту шеберлігі. Сыйлық ұсыну ережесі.

# Іскерлік қабылдаудың этикасы. Шетел азаматтарымен іскерлік қарым – қатынас жасау ерекшеліктері.

іскерлік байланыстың негізінде жеке мүдделер мен өзіндік қызығушылықтардан басқа іскерлік қана қызығушылықтар болуы керек;

адамгершілік;

Іскерлік қарым – қатынас белгілі бір мінез – құлықтық қағидаларға сүйенуі керек, олардың ең басты қағидалары болып келесілер табылады:

мейірімділік, яғни адамға мейірімділік жасау қажеттігі;

құрмет көрсетушілік, яғни қарсы тарапқа деген құрмет.

Назарларыңызға рахмет! Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!